SHÁKÁRIM SHAŃYRAĠY

Ақпараттық-танымдық басылым

2021 жыл №6 (130) шілде

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМНЫҢ ҚАРА ШАҢЫРАҒЫ – ШӘКӘРІМ

Шәкәрім ордасы 1934 жылы білім бағытында бастау алды. Білім ордасы бүгінде классикалық білім беру дәстүрін ұстанып, техникалық, жаратылыстану, әлеуметтік-гуманитарлық, педагогикалық, ауыл шаруашылығы және ветеринария саласындағы сұранысқа ие мамандықтардың кең спектрі бойынша мамандар даярлауды жүзеге асыратын ірі көп бейінді жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Білікті мамандарды даярлауға, әлемдік білім кеңістігінде интеграциялауға, өндіріске енгізілетін іргелі және қолданбалы зерттеулерді дамытуға бағытталған кең көлемдегі білім, ғылым, рухани-тәрбиелілік, инновациялық және өндіруші негізіне ие.

Университет миссиясы: ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген білікті маман дайындаумен қатар, «кемел адамды» (А.Құнанбаев) қалыптастыру болып табылады.

Қазіргі уақытта білім беру бағдарламаларының саны университеттің мәртебесін анықтамайды, бүгінде сапа мәселесі бірінші орынға шықты. Оқу орны 52 бакалавриат, 47 магистратура және 10 докторантура бағдарламалары бойынша білім береді.

Университеттің халықаралық ынтымақтастығы әлемдік білім беру кеңістігіне ықпалдасуға бағытталған. ЖОО екі дипломды білім беру және алмасу бағдарламалары бойынша студенттер мен магистранттар білім алатын, оқытушылар тағылымдамадан өтетін АҚШ, Еуропа және Азия рейтингілік университеттерімен серіктестестік қатынаста. Университетте іргелі және қолданбалы зерттеулер жүргізілетін танымал ғылыми мектептер қалыптасты. ЖОО оқытушылары ғылыми тағылымдамалар шеңберінде кәсіби біліктілігін арттырады, алмасу бағдарламаларына, ғылыми конференцияларға қатысады, ұлттық және халықаралық зерттеу гранттары мен стипендияларының иегерлері болып табылады. ЖОО-дағы білім беруді интернационалдандыруға ерекше

көңіл бөлінеді. Мысалы, халықаралық серіктестермен қос дипломды білім беру бағдарламалары бойынша дайындық жүзеге асырылады: Менеджмент / Business administration, Менеджмент / Bachelor of Hotel Management, Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету /Smart computing. Осы бағдарламаларда оқу Шәкәрім университеті мен шетелдік әріптес жоғары оқу орындарының (Корея, Польша) дипломын алуға мүмкіндік бар. Сонымен бірге шетелдік университеттермен академиялық ұтқырлық бағдарламасы жүзеге асырылуда.

87 жыл тарихы бар Шәкәрім университетінде бүгінде 5 факультет – Гуманитарлық-экономикалық, Инженерлік – технологиялық, Ветеренария және Агроменеджмент, Жаратылыстану-математикалық және Филология – жұмыс атқаруда.

Білім мен ғылымға құштар студенттерге университет үлкен мүмкіндіктерді сыйлайды. Ғылыммен айналысқысы келетін студенттер үшін дәстүрлі түрде «Шәкәрім оқулары» сияқты халықаралық конференция, форумдар ұйымдастырылып тұрады. Ғылыми орта тұрақты даму-да, білім алушылардың зерттеушілік белсенділігін арттыру үшін қажетті жағдайлар жасалуда. 2020 жылы университет докторанты ҚР үшін Конрад Аденауэр атындағы (Германия) қордың SUR-PLACE халықаралық стипендиясының иегері болса, 2021 жылы университет магистранты Тұңғыш Президент Қорының стипендиясының иегері атанды.

Бүгінде Семей қаласы Шәкәрім атындағы университеті қоғамның рухани өмірінің өзегі, оның білімділігінің тірегі болып табылады.

ШӘКӘРІМ – талантты, дарынды студенттердің басын біріктіріп отырған мекен. Сыйластық пен шынайы достықтың мекені.

ШӘКӘРІМ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, тұлғаның жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін мекен.

Сол себепті де, ШӘКӘРІМ студенті болу өмірдің үлкен сәттіліктерінің бірі деп санаймыз.

ШӘКӘРІМ – адамның тұлға болып қалыптасуына ықпал етіп, жоғарғы білімді және ой өрісі кең, бәсекеге қабілетті маман болу үшін жастардың жан-жақты қабілетін ашып көрсетуіне мүмкіндік беретін құтты мекен.

Шәкәрім университетінің
Медиа орталығы
Shakarim University
Media Centre

–

№	ББ тобының нөмірі	Білім беру бағдарламаларының тобы	Білім беру бағдарламаларының атауы
1	B001	Педагогика және психология	6B01101 - Педагогика және психология
2	B002	Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу	6B01201 - Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу
3	B003	Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі	6B01301 - Бастауышта оқытудың педагогикасы мен әдістемесі
4	B006	Музыка мұғалімдерін даярлау	6B01402 - Музыкалық білім
5	B007	Көркем еңбек және сызу мұғалімдерін даярлау	6B01405 - Бейнелеу өнері, көркем еңбек және графика
6	B015	Гуманитарлық пәндер мұғалімдерін даярлау	6B01601 - Тарих
7	B031	Сән, интерьер дизайны және өнеркәсіп дизайны	6B02101 - Дизайн
8	B034	Тарих және археология	6B02202 - Тарих және дінтану
9	B041	Психология	6B03102 - Психология
10	B044	Менеджмент және басқару	6B04108 - Экономика және менеджмент
			6B04106 - Менеджмент Business administration
			6B04107 - Менеджмент/ Bachelor of Hotel Management
11	B045	Аудит және салық салу	6B04109 - Бухгалтерлік есеп және қаржы
12	B049	Құқық	6B04201 - Құқықтану

–

№	ББ тобының нөмірі	Білім беру бағдарламаларының тобы	Білім беру бағдарламаларының атауы
1	B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	6B01401 - Дене шынықтыру және спорт
2	B009	Математика мұғалімдерін даярлау	6B01501 - Математика
			6B01502 - Математика-Информатика
			6B01503 - Математика-Физика
3	B010	Физика мұғалімдерін даярлау	6B01505 - Физика-Информатика
4	B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	6B01507 - Информатика және робототехника
5	B012	Химия мұғалімдерін даярлау	6B01509 - Химия-Биология
6	B013	Биология мұғалімдерін даярлау	6B01510 - Биология
7	B014	География мұғалімдерін даярлау	6B01512 - География-Тарих
8	B055	Математика және статистика	6B05401 - Математика

№	ББ тобының нөмірі	Білім беру бағдарламаларының тобы	Білім беру бағдарламаларының атауы
1	B005	Дене шынықтыру мұғалімдерін даярлау	6B01401 - Дене шынықтыру және спорт
2	B009	Математика мұғалімдерін даярлау	6B01501 - Математика
			6B01502 - Математика-Информатика
			6B01503 - Математика-Физика
3	B010	Физика мұғалімдерін даярлау	6B01505 - Физика-Информатика
4	B011	Информатика мұғалімдерін даярлау	6B01507 - Информатика және робототехника
5	B012	Химия мұғалімдерін даярлау	6B01509 - Химия-Биология
6	B013	Биология мұғалімдерін даярлау	6B01510 - Биология
7	B014	География мұғалімдерін даярлау	6B01512 - География-Тарих
8	B055	Математика және статистика	6B05401 - Математика

№	ББ тобының нөмірі	Білім беру бағдарламаларының тобы	Білім беру бағдарламаларының атауы
1	B077	Өсімдік шаруашылығы	6B08101 - Агрономия
2	B078	Мал шаруашылығы	6B08201 - Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы
3	B079	Орман шаруашылығы	6B08303- Орман ресурстары және аңшылықтану
4	B083	Ветеринария	6B09103 - Ветеринария

-

№	ББ тобының нөмірі	Білім беру бағдарламаларының тобы	Білім беру бағдарламаларының атауы
1	B050	Биологиялық және сабақтас ғылымдар	6B05102 - Биотехнология
2	B051	Қоршаған орта	6B05201 - Экология
3	B053	Химия	6B05301 - Химия
4	B054	Физика	6B05303 - Техникалық физика
5	B057	Ақпараттық технологиялар	6B06103 - Ақпараттық жүйелер
			6B06104 - Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету
			6B06105 -Есептеу техникасы және бағдарламалық қамтамасыз ету (Smart computing)
6	B062	Электр техникасы және энергетика	6B07103 - Жылу энергетикасы
7	B063	Электр техникасы және автоматтандыру	6B07104 - Автоматтандыру және басқару
8	B064	Механика және металл өңдеу	6B07105 - Технологиялық машиналар мен жабдықтар
			6B07106 - Машина жасау
9	B068	Азық-түлік өнімдерінің өндірісі	6B07202 -Азық-түлік өнімдерінің технологиясы
10	B074	Қала құрылысы, құрылыс жұмыстары және азаматтық құрылыс	6B07301 - Геодезия және картография
			6B07302 - Құрылыс
11	B076	Стандарттау, сертификаттау және метрология (сала бойынша)	6B07501 - Стандарттау және сертификаттау (сала бойынша)
12	B094	Санитарлық-профилактикалық іс-шаралар	6B11201 - Тіршілік қауіпсіздігі және қоршаған ортаны қорғау
13	B095	Көлік қызметтері	6B11303 - Логистика және тасымалдауды ұйымдастыру

Арыстандай айбатты,
Жолбарыстай қайратты –
Қырандай күшті қанатты.
Мен жастарға сенемін!
М.ЖҰМАБАЕВ

ЕЛІМІЗДІҢ БОЛАШАҒЫ БІЛІМДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Кез-келген ел өзінің келешегін өскелең ұрпағымен байланыстырады. Әр ұрпақтың пешенесіне жазылған заман ағымы, кезең тынысы болады. XXI ғасыр бүгінгі ұрпаққа, яғни біздерге бұйырған бақыт деп ойлаймын. Ата-бабаларымыз болашақ ұрпақ үшін ақтық демі қалғанша күресіп, бізге егемендік алып берді. Қазақ даласы ата-бабаларымыз ғасырлар бойы арман еткен және сол жолда зор құрбандықтарға душар болып, өз тәуелсіздігін жеңіп алды. Еліміздің ертеңі, мемлекетіміздің жарқын болашағы – білімді де білгір қолымызда. Сондықтан жастар қауымы уақыттың кез-келген сынағына дайын болып, бәсекеге төтеп беруі керек.Санасы сергек, замандық технологияларды меңгерген Отанымыздың нағыз патриоттары ғана осындай сынақтардан сүрінбей өте алмақ.

Бүгін елімізде жастар саясатына үлкен көңіл бөлуде. Жастар саясатына қатысты сан түрлі пікірлер мемлекеттік шеңберде, халықаралық дәрежеде талқылануы – оның қоғам өмірінде айтарлықтай маңызды орын алатындағын аңғартады. Статистика агенттігінің жүргізген моноторинг қорытындысы бойынша мемлекетіміздегі адам санының 4,5 миллионнан астамы жастардың үлесінде. Бұл дегеніміз –жалпы халықтың 30 пайызы жастар деген сөз. Ендеше, еліміздің ертеңгі

жастардың қолында. Елдің ертеңгі сенімі де жастардың мойнында. Қай заманда болмасын қоғамның қозғаушы күші – жастар. Осы ретте Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Мен, сіздер, бүгінгі жастар ерекше ұрпақ екендеріңізді қайталаудан жалықпаймын. Сіздер тәуелсіз Қазақстанда өмірге келдіңіздер және сонда ержетіп келесіздер.Сіздер жастық шақтарыңыздың уақыты – біздің еліміздің көтерілу және гүлдену уақыты. Сіздер осы жетістіктер рухын және табысқа деген ұмтылушылықты бойларыңызға сіңірдіңіздер», - деген сөзі мемлекетпен ұлт болашағы жастар болашағымен тікелей байланысты екендігін айқындайды. Жасыратыны жоқ, республикамыздың барлық өңірлерінде жастар белсенділігі күшейіп келеді. Жастар әлеуметтік және қоғамдық өмірдің белортасынан табылды. Елбасының Қазақстан жастарына деген сенімі жоғары екендігін, бүгінгі қыз-жігіттеріміздің интеллектуалдық белсенділігін жоғары бағалайтындығын білеміз. Алдағы уақытта тәуелсіздігіміздің тамырын тереңдетіп, Қазақстанды іргелі мемлекетке айналдыру біздің болашағы жастардың бүгіннен бастап, қандай тәрбие алуы мен отансүйгіштік қасиеттің дамуы аса маңызды. Ең әуелі жастар бойында рухани адамгершілік, құқықтық тәрбие басым болғаны жөн. Қазіргі таңда мемлекеттік деңгейдегі форумдарда белсенді қазақ жастарының басы қосылып, жұртшылық алдында сөз сөйлеген жастарымыз ұлтаралық татулық пен қазақ халқының мәдени және тілдік ерекшеліктерін сақтай отырып, ұрпақтар сабақтастығын жалғастырып жатқандығы көңіл қуантарлық жағдай. Біз ата-бабамыз аңсаған тәуелсіздікке қол жеткізіп отырмыз. Ендігі кезек – жастарда. Жастар жас шыбық сияқты. Қалай исең солай иілуге әзір. Сол себептен жастардың ойын да, бойын да түзу өсіруге атсалысу – басты парызымыз. Жастар–жердің, елдің иесі, қазақ елінің рухани тәуелсіздігінің биік тұғыры. Жастарымыздың бойында елжандылық, азаматтық пен адамгершілік сезімдері жан-жақты жетілгенде ғана патриотымыз парасаты асқақтай түспейме?! Халқымыздың бойындағы патриоттық құндылық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп отырғандығы тарихтан мәлім. Жастарды жаңа әлемдегі жаңа Қазақстанның жасампаз үлгісін жаңғырта беру мақсатында еліміздің интелектуалдық элитасын қалыптастыруға, мемлекетіміздің басты игілігі болып саналатын этносаралық келісімді, татулық пен бірлікті қорғауға шақыруымыз қажет. Заманның заңғар тұлғаларының бірі – Міржақып Дулатов: «Алыстан алаш десе, аттанамын, қазақты қазақ десе мақтанамын», - деп айтқанындай арыстандай айбатты, жолбарыстай қайратты жастарымыз жаңа идеяларды жүзеге асырып, өміршең істердің бастауында тұрғанда бүгінгі жас ұрпақпен әрқашанда мақтанамыз.

Ел ертеңі – біздердің, келер ұрпақтың қолында деп айтып та, жазып та жатыр. Елімізді көркейту, оны өзімізден кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің борышымыз деп білемін. Ел боламын десең, бесігіңді түзе, - дегендей, еңсесін енді ғана көтеріп келе жатқан біздің еліміз үшін дарынды, білімді, жігерлі ұрпақтардың орны бөлек. Ал барлық жігер, қайрат, еліміздің болашағы тек жастардың қолында екендігін жеткізгім келеді. Болашақ жастардың қолында деген ұрандарды жиі айтып, елімізде осы мақсаттарда қолға алынып жатқан жобалар аз емес. Тек оны өз керегіне қарай пайдалану әрбір жастың құзырындағы жұмыс. Мемлекет тарапынан жасылынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. Өйткені, өмір, ағыны тоқтамақ емес, жастық шақтың да жарқ етіп өте шығары баршаға мәлім. Қашан да, болашағын алыстан бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді… Ендеше, Қазақстанның жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екенімізді естен шығармайық!

А.А.ТӨЛЕУХАНОВ,
Жастар саясаты бөлімінің басшысы.

ҰЛТ САНАСЫН ОЯТҚАН - ҰЛЫ АБАЙ

Қазақты алғаш қазақ ретінде танытқан, әлем білетін, ерекше тұлға Абайдың бар өмірін баян ету бір сөзге сыймайды. Ұзақ өмірінде Абайдың азамат арманынан туған, талан-тартысынан туған, ақындық, даналық қалып-қасиетінен туған бірнеше биік-биік белдер бар. Ерекше өмір жолында Абайдың ақындығы да, бос тірлігі де, өмірдегі жол тартысы да, тарихтың үлгілі елеулі үлгілі жемісі түгел танылады. Абайдың Абайлық бітім кескінін, тарих тұлғасын танытқан қасиеттері бар. Оның жас жігіт шағынан өмірінің соңына дейін әр алуан болып, айқындалып шығып отырды. Жекелеп санасақ, жас кезіндегі өмірлік, азаматтық ең бірінші ерекшелігі, «Әкенің ұлы болмай, халықтың ұлы боламын деген тартысында, әкесінің баласы адамның дұшпаны, адам баласы – бауырың» деген ой. Абайдың сөзі ғана емес, адамгершілік, гуманистік жолы да болатын.

Арлан бөрінің соқпағына бөлтірік бөрі арқылы көптігінен түспейді, бөлтірік табиғатынан деп білген Абай, жасында әкеден қол үзгенде ел үшін, ел көшіне, тарих көшіне соны қоныс, тың өріс табу үшін қол үзген, кеткен екен. Оны өлеңдерінде де, ісінде де арман етті. Жуан бел надан, содыр ру басылардан бөліне кеткен бетінде бірден халықты, халықтың мұңын тапты. Сол халдықтың жоғын берер жаңалықты іздеді. Жеке қазақ тарихы мен топырағынан іздеген жоқ, үлгілі көрші елдер-өнерлі орыс халқынан іздеді. Орыс халқының қазынасына өз халқының қолын, жолын жеткізуді мұрат етті. Орыс халқының өткен тарихынан, өзі тұстас тірісінен өзіне де, жұртына да дос, көмек тапты.

Қазіргі Шығыс Қазақстан облысының Абай ауданы сырт Қарабұлағында дүниеге келген ақын заманының ащы шындығын толғана айтты. Ол өзінің әкесі Құнанбайдың да әділетсіз тұстарын баса көрсетіп, қаталдығымен келіспеді. Әкесінің ырқына көне бермей, өз шешімін әділ жасауды да мақсат етті. Абайдың «Ғылым таппай мақтанба», «Дүниеде өзі,мал да өзі» сынды өлеңдері бүгінгі ғасыр жастарына арнап айтқандай екендігін сезем. Классикалық ақын шығармаларының эстетикалық, адамгершілік қоғамдық мәні бүгінгі шындықпен ұштасады.

«Дүние де өзі, мал да өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз десе, жиырма бесінші қара сөзінде «...хикмет те, өнер де, мал да, ғылым да - бәрі орыста тұр. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек... Әрбір жұрттың тілін, өнерін білмек кісі онымен бірдейлік дағдысына енеді... Орыстың ғылымы, өнері-дүниенің кілті, оны білгенге арзанырақ түседі», - дейді. Бұл нақыл сөзі бүгінгі күннің ұраны, міндеті тәрізді. Бір ғана нақыл сөзінде бүкіл өмірімізді, міндеттеріміз бен болашағымызды баяндап бергендей. Абай

поэзиясы - таусылмайтын дария. Ол терең. Қанша оқысақ та тереңіне бойлай береміз. Ол қазақ халқының ұлттық санасын оятушы, қоғам жанашыры, әлеуметтік әділдіктің нышаны. Өткеннің құлазыған ғасырларынан өзіне бейтаныс, бірақ жарқын болашаққа жол салған ұлы ақын. Ол көптеген шығармаларында өзінің психология мәселелеріне көзқарасын белгілі шамада толық айтып берген ең бірінші қазақ. Абайдың түсінігінше, өлең мен ән адамдардың жан дүниесіне кіруі керек. Халықты адамгершілікке тәрбиелеп, арманы мен тілегені жету үшін бақытты бостандық өмірге жетелеуі тиіс. Өлеңнің «іші алтын, сырты күміс» болып келуі керек. Абайдың шұғылалы шумақтарының келешек ақынжанды ұрпақтарға беретін тәлімі мол.

«Абай ұлттық ұранымыз болуы керек. Абайды таныту арқылы біз Қазақстанды әлемге танытамыз» - деген Елбасы Н.Ә.Назарбаев. Расымен, Абай ұлттық ұранымыз болуы шарт. Бүгінгі ұрпақ Абайды сүйеді, жырларынан нәр алады, ғибратттанады.

Мен, Абай басқан топырақты басып, Абай ізімен жүрген жас ұрпақ болғаныма мақтанамын. Абай «Өлді деуге сыя ма, ойландаршы» деп өзі айтқандай, мәңгі өлмейтіндігінің айқын айғағы деп, Абайды қайталап оқыған сайын таңырқаймын. Санаңы сәулелендіру, ақылды нұрландыру, жүректі нәрлендіру арқылы ғылым мен дінді ұштастырушы Ұлы Абайдың ілім-білімі санамызды нұрландыра бермек. Абай халқымен мәңгі бақи берге жасай береді.

Іңкәр САРСЕНОВА,
ЖУ-001

« »

Шәкәрім шаңырағының білім алушылары «Жасыл ел» республикалық бағдарламасына өз үлесін қосуда.

«Жасыл ел» - жазғы уақыттары жастардың басын қосатын бірден-бір шара. Сонымен қатар қаланы көгалдандыру мен абаттандыру жұмыстарына араласа отырып студенттердің қосымша қаражат табуына да үлкен мүмкіндік беретін атаулы жобалардың бірі.

Аталмыш бағдарламаның басты міндеттерінің бірі жастарды жұмыспен қамту, көгалды жерлерді көбейту мен аймақтарды абаттандыру болып табылады. Қазіргі таңда Шәкәрім университетінің

бірқатар студенттері жастар жасағының қатарына қосылды.

Әрбір «Жасыл ел» сарбазына әлеуметтік жобаны қаржыландыру есебінен 2 базалық лауазымдық еңбекақымен (35 394 теңге) жеке табыс салығы, міндетті зейнетақы алымдары мен міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруға аударымдар алынып төленді. Жұмыс берушілер есебінен кем дегенде 2021 жылғы ең төменгі жалақы мөлшерінде қосымша ақымен қамтамасыз етілді (42500). Жұмыс беруші тарапынан ең төменгі жалақы мөлшері көлемінде төленіп, қосымша 11,5% құрайтын әлеуметтік салық пен әлеуметтік аударымдар төленеді. Сарбаздарға арналған брендтелген жиынтық киім (футболка, кепка және шалбар) таратылды.

Маусым қорытындысы бойынша белсенді қызметтерімен көзге түскендерді «Жасыл Ел» жастар еңбек жасақтары арасында «Үздік жасақ командирі», «Үздік жұмыс беруші», «Үздік жауынгер» 2 номинация (ұл және қыз балалар арасында), «Үздік штаб», «Үздік отряд», «Үздік аудан», «Үздік ЖОО», «Үздік онлайн штаб», «Үздік акция», «Үздік іс-шара» номинациялар бойынша қорытынды байқау өткізіледі. Байқау жеңімпаздарын алғыс хаттар, дипломдар, кубогтармен марапаттау шаралары табысталынатын болады.

Айта кетейік, Елбасының бастамасымен қолға алынған «Жасыл ел» мемлекеттік бағдарламасы аясындағы жастар еңбек жасақтарының қозғалысы жыл санап өркендеуде.

Аружан ТАУБЕКОВА

ЦЕНТР ВЕТЕРИНАРНОЙ МЕДИЦИНЫ УНИВЕРСИТЕТА ШАКАРИМА

Центр Ветеринарной Медицины «AESCULAP» при НАО «Университет им. Шакарима г. Семей» - это самостоятельное лечебно-диагностическое учреждение. Центр основан в 2019 году на базе аграрного факультета.

Центр Ветеринарной Медицины «AESCULAP» предоставляет следующие виды услуг:

консультации квалифицированными специалистами относительно любых заболеваний домашних, сельскохозяйственных и экзотических животных, диагностические процедуры, индивидуально подобранное лечение;

современные методы диагностики - УЗИ, рентген, лабораторные экспресс исследования крови и мочи;

профилактические, терапевтические и хирургические услуги домашним питомцам, вакцинацию и стерилизацию, выезд ветеринаров на дом;

осеменение сельскохозяйственных животных с применением современных приборов, в специально оборудованных станках. консультации ветеринаров.

За время работы врачи Центра удачно выполнили 600 хирургических операций и вылечили порядка 2 000 животных.

Одним из самых эффективных современных методов диагностики, проводимым в Центре «AESCULAP» является ультразвуковое исследование (УЗИ) животных.

Диагностика позволяет максимально точно выявить особенности возникшей патологии, разработать эффективную схему лечения животного и дать верный прогноз на будущее. Процедура УЗИ дает ветеринару возможность детально изучить состояние внутренних органов без хирургического вмешательства. Специальный аппарат выводит изображение на монитор. С помощью обследования УЗИ, ветеринарный врач изучает анатомические особенности внутренних органов животных, причину и природу болевых ощущений, опухоли и кисты, образование (камней) в мочевом пузыре или почках, беременность и качество будущего помета у беременной самки, что также, можно подтвердить диагноз.

Умение самостоятельно провести УЗИ важно для любого практикующего ветеринарного врача - и для постановки диагноза, и для развития собственного пространственного воображения. Студентам Университета Шакарима, обучающимся по специальности «Ветеринария и ветеринарная санитария», предоставляется такая возможность на практических занятиях, это способствует развитию врачебного мышления и логики получения профессиональных навыков будущими специалистами в процессе обучения и с прямым выходом их на выпускную работу по специальности, создает оптимальные и фактические индивидуальные условия для образовательного процесса.

Светлана КРОМАРЕНКО,
«AESCULAP» ВМО меңгерушісі

ВОЛОНТЕР БОЛУ – ЖҮРЕК ҚАЛАУЫ

Қазақ мәдениетінде ежелден келе жатқан дәстүрдің бүгінгі бір көрінісі бұл – еріктілер қоғамы. Халқымыз: «Жақсымын деп мақтанба, халық айтпай, Батырмын деп мақтанба, барып қайтпай» деген ұстанымды тұтқа еткен еріктілердің абзал істері үлкен құрметке ие. Қайырымдылық қасиеті қазақ халқының болмысының ажырамас құрамдас бөлігі болса керек. Мысалы, бұрын ауыл-аймақта көрші-қолаң жиналып, мұқтаж жаңа қолдарынан келгенше көмек көрсетіп, асар ұйымдастырған. Сондықтан да бүгінгі еріктілер дәстүр сабақтастығының бір көрінісі деп білемін.

Ерікті дегеніміз кім? Ол – әрбір жастың, әрбір азаматтың өзінің жеке жан қалауымен осы қоғамға кішкене болса да қосатын үлесі. Бұл – жастардың бойында азаматтық позицияны, патриоттық сезімді оятатын бағыттардың бірі. Ерікті болу арқылы біз жастарды осы қоғамға бейімдеп, келешекте өзінің отанына, қоғамдағы әлеуметтік жағдайларға бей-жай қарамай оған өзіндік үлесін қосуға шақыратын бірден-бір платформа деп айтсақ болады.

«Qazvolunteer.kz» платформасы Қазақстанның волонтерлері мен волонтерлық ұйымдарының қызметін үйлестіруге, волонтерлық жобаларға арналған арнайы ақпараттарды қолдануға мүмкіндік береді. Бүгінгі таңда еліміздің түкпір-түкпірінде 200 еріктілер жұмыс істейді.

Мемлекет басшысы «Еріктілер жылы» қазақстандықтар адамдарға шын ниетімен көмектесіп, оны науқанға айналдырмау қажеттігін айтқан болатын. Бүгінде әлемдік пандемияға арналған коронавирус індеті кезінде де еріктілердің игілігін айтарлықтай көріп жатырмыз. Ешқандай науқансыз-ақ көптеген жастар өз көмегін ұсынып, тезірек індеттің бетін қайтаруға көмектесуде. Жастардан құралған, медициналық білімі бар, көптеген жастар бүгінде әлемді қорқытқан індетке қарсы халықпен бірге күресуде. Осыған қарап-ақ мемлекет басшысының көреген саясатының жемісін дер кезінде көріп отырғанымызды байқаймыз. Алдағы уақытта еріктілердің ерен еңбегі ақталып, азаматтық қоғам дамуында белсенділік жаңа деңгейге көтерілетініне сенім мол. Әрбір қазақстандықтың бойында белсенді өмір сүруге дағды қалыптасса алынбайтын асу жоқ екеніне сенеміз.

Ернұр САХАЛИЕВ,
Жастар саясаты бөлімінің маманы

Магистратураға өтініштер қабылдау Ұлттық тестілеу орталығының ақпараттық жүйесі арқылы 2021 жылдың 18 маусымнан 15 шілдеге дейін жүзеге асырылады

Магистратураға түсу емтиханына қатысуға өтініш беру үшін талапкер:

1) app.testcenter.kz веб-сайтына кіреді және интерфейс тілін таңдайды;

2) электрондық поштаны қолдану арқылы өтініштер жүйесінде тіркеледі (Ұлттық тестілеу орталығынан келіп түскен хатта, электронды поштаны растау қажет);

3) алынған логин мен пароль арқылы өтініш беру жүйесіне кіреді (логин мен пароль көрсетілген хатты өшірмеңіз);

4) ЖСН көрсетіп, іздеу батырмасын басады (аты - жөні автоматты түрде шығады), байланыс телефонының нөмірін көрсетеді;

5) Өтініш беру қосымша бетіне өтеді және «Жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру (магистратура-докторантура)» таңдайды;

6) «магистратураға түсу емтиханын» таңдайды;

7) тіркеу үшін мәліметтерді толтырады;

Магистратураға түсу емтиханын өткізу ережелерімен танысқанын растайды;

9) төлем әдісін таңдайды және тестілеу ақысын төлейді.

Барлық кезеңдерді сәтті аяқтағаннан кейін келесі хабарлама шығады: «Өтінім сәтті жіберілді!».

Талапкер емтихан тапсыратын қаланы өзі таңдайды.

Емтиханның орны мен уақыты туралы ақпарат ағымдағы жылдың 18 шілдеде талапкердің жеке кабинетінде қол жетімді болады.

Прием заявлений поступающих в магистратуру проводится через информационную систему Национального центра тестирования с 18 июня до 15 июля 2021 года.

Для подачи заявления на участие во вступительном экзамене в докторантуру, поступающему необходимо:

1) Зайти на сайт app.testcenter.kz/ и выбрать язык интерфейса;

2) зарегистрироваться в системе подачи заявлений с помощью электронной почты (в полученном письме от Национального центра тестирования, обязательно подтвердить электронную почту);

3) авторизоваться через полученный логин и пароль в системе подачи заявлений (нельзя удалять письмо, где указано логин и пароль);

4) указать ИИН и нажать на кнопку поиска (Ф.И.О выходит автоматически), указать контактный номер телефона;

5) перейти во вкладку «Подать заявление» и выбрать «Послевузовское образование (магистратура-докторантура)»;

6) выбрать «вступительный экзамен в магистратуру»;

7) Заполнить данные для регистрации;

подтвердить ознакомление с правилами проведения вступительного экзамена в магистратуру;

9) выбрать способ оплаты и произвести оплату за тестирование.

После успешного прохождения всех этапов будет отображено сообщение: «Заявление подано успешно!».

Поступающий самостоятельно выбирает город сдачи экзамена.

Информация о месте и времени проведения экзамена будет доступна после 18 июля текущего года в личном кабинете поступающего.

Казахстанская организация ассоциаций нефтегазового и энергетического комплекса KAZENERGY проводит конкурс на предоставление гранта в 2021-2022 уч.году для обучения студентов высшего и послевузовского образования.

Заявки на участие в конкурсном отборе принимаются с 15 июля на сайте grant.kazenergy.com

Подробная информация о конкурсе на сайте www.kazenergy.com

Условия участия в конкурсе:

1) Гражданство Республики Казахстан.

2) Безусловное зачисление или обучение в учебном заведении (при отсутствии у обучающегося финансовой задолженности).

3) Соответствие успеваемости следующим показателям:

- сертификат ЕНТ/КТ 80 баллам и более;

- средний балл успеваемости кандидата по диплому не менее 4,0 (из 5,0) для лиц, поступивших на 1 (первый) курс бакалавриата;

- GPA не менее 3,0 (B) для кандидатов, завершивших 1 (первый) курс бакалавриата;

- GPA не менее 3,33 (B+) для кандидатов, завершивших обучение на 2-3 (втором, третьем) курсах бакалавриата;

- GPA не менее 3,33 (B+) для кандидатов, обучающихся на всех курсах послевузовского образования.